

Шарбақты ауданы Шарбақты ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Шарбақты ауылы әкімінің 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 мамырда № 5509 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Шарбақты ауданы Шарбақты ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Шарбақты ауылының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шарбақты ауданының Шарбақты ауылында келесі көшелер қайта аталсын:
 - 50 КазССР көшесін - Мәншүк Мәметова көшесі;
 - Восходная көшесін - Баян батыр көшесі;
 - 521 км көшесін - Бірлік көшесі;
 - Советов көшесін - Тәуелсіздік көшесі;
 - 3 сентября көшесін - Наурызбай батыр көшесі;
 - Вокзальная көшесін - Шоқан Уалиханов көшесі;
 - Садовая көшесін - Қанаш Қамзин көшесі;
 - Ленин көшесін - Малайсары Тархан көшесі;
 - Западная көшесін - Қаныш Сәтбаев көшесі;
 - Автомобилистов көшесін - Жамбыл Жабаев көшесі;
 - 3 микрорайон көшесін - Степан Токарев көшесі;
 - Южная көшесін - Иван Ворушин көшесі;
 - 25 лет Октября көшесін - Талғат Бигелдинов көшесі;
 - Школьный переулок көшесін - Достық көшесі;
 - Химиков көшесін - Абылай хан көшесі;
 - Промышленная көшесін - Қабанбай батыр көшесі;
 - Орджоникидзе көшесін - Владимир Поляков көшесі;
 - Мир көшесін - Бөгенбай батыр көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК